

«Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
1-11 сынып ата-аналар комитеті жиналысының хаттамасы
Хаттама №4

Күні: 12.12.2024

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі - 2
2. Ата-аналар - 46

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың көпшілік ортада өзін-өзі ұстау мәдениеті.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды сақтау, заңсыз ақша жинамау.
3. Жаңа жылдық мерекелік шараны ұйымдастыру.

Тыңдалды.

1-мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Ш.Бикетова сөз алды. Баяндамашы оқушылардың тәртібі, өзін-өзі ұстау мәдениеті туралы айта келіп, мектеп - білім мен мәдениет ошағы екенін, сондықтан мәдени қалыпты сақтау керектегі айтылды.

Балалардың қоғамдық мүлікті сақтау, мектепке формамен келу жағы да мәселе екенін, сондықтан ата-аналармен дұрыс түсіндірме жұмысын жүргізуді өтінді.

2-мәселе бойынша директордың тәрбие орынбасары Д.К.Жунусов сөз алды.

Баяндамашы Астана қаласы Білім басқармасының 11.12.24 күнгі №107-04-30/1766 хатымен таныстырды.

Хатта алдағы Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекелері қарсаңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңының» 12-бабын сақтау қажеттігі айтылған. Осы баптың негізінде заңсыз сыйлық алуға, оның ішінде ата-анадан, басқа тұлғалардан сыйлық алуға болмайтыны айтылған. осыған сәйкес, ата-аналар тарапынан мұғалімге, мектеп әкімшілігіне сыйлық не ақша ұсыну заңсыз болып табылатынын ескертті. Түрлі трендтерге деп оқушыдан қаржы не тәтілер жинастыру да заңға қайшы. Егер ақша жинау фактісі орын алса, мектеп әкімшілігін хабардар ету тапсырылды.

Сонымен қатар, осы хатта жаңа жылдық кешті өткізуге ата-анадан ақша жинамай, педагогикалық ұжым күшімен атқарылу қажеттігі көрсетілгенін атап өтті.

Жарыссөзге шыққан 7 «а» сынып ата-анасы М.Б.Умирзакова өздері танитын мұғалімнің Аяз ата мен Ақша қар кейіпкері ретінде көру оқушылар үшін қызықсыз екенін айтты.

11 «А» сынып ата-анасы Ә.М.Серикпаева жоғары сынып оқушылары үшін Аяз ата мен Ақшақардан гөрі, әртүрлі конкурстар мен би кешін ұйымдастырған дұрыс екенін, сондықтан мектепке театрландырылған қойылымы бар орталықты шақырып, ақылы өткізуді ұсынды.

Бұл ұсынысты ата-аналар комитетінің барлығы қолдады.

3-мәселе бойынша Н.Ш.Бикетова сөз алды.

Ең алдымен Жаңа жылды мерекелеу барысында оқушылардың түрлі бомбочкаларды, пиротехникалық құрылғылар, салют, , тұтанғыш заттарды қолдану барысында қауіпсіздікті сақтау қажеттігін, балалармен осы жөнінде әңгімелесу керектігін ескертті.

Педагогикалық ұжым күшімен жаңа жылдық кеш ұйымдастыруға болатынын, бірақ осы кезде мұғалімдердің жиынтық бақылау алып жататынын, сондықтан келісім бермей жатқанын ескертті. Сонымен қатар, мұғаліммен жасалған келісім шартта ондай функция көрсетілмегендіктен, олардың бас тартуға толық құқығы бар екенін, оларды күштей алмайтынын жеткізді.

Жарыссөзге шыққан 8 «Ә» сыныбының ата-анасы Г.Б.Байназарова жаңа жылдық кешті ақылы орталықтар арқылы өткізгенін дұрыс деп есептейтінін және сол орталықтармен ата-аналар комиеті келісім жүргізу керектігін айтты.

Ж.М.Бектурганова келісім жүргізу барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламасына назар аудар керектігін және әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға тегін кіру мүмкіндігін не жеңілдіктер болуын қарастыру қажеттігін ескертті.

Шешім:

1. Ата-аналармен мектепте мәдениетті ұстау талаптары жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.


2. Ата-аналарға Тәуелсіздік күні және Жаңа жылдық мереке қарсаңында мұғалімге заттай не ақшалай сыйлық ұсыну, түрлі трендтерге деп оқушыдан қаржы не тәттілер алу да заңға қайшы екені туралы ағарту жұмыстары жүргізілсін. Түрлі трендтерге деп оқушыдан қаржы не тәттілер жинастыру да заңға қайшы болған

3. Пиротехникалық тұтанғыш заттар, бомбочкаларды қолданудың зиянды жақтарын айта отырып, ата-аналар оқушылармен қауіпсіздік жөнінде әңгіме жүргізілсін.

4. Жаңа жылдық мерекелік кешті ұйымдастыру үшін ата-аналар комитеті балалардың жас ерекшелігіне сай келетін бағдарламасы бар орталықтарды қарастырсын. Орталықтармен келісім барысында әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға тегін кіру мүмкіндігі не жеңілдіктер болуы талап етілсін.

Мектеп директорының уақытша м.а

Хатшы



**Ж.С.Кемелбекова
Д.К.Жунусов**